**1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)**

Толық атауы

Қазақ тілінде	"Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	Акционерное общество "Интергаз Центральная Азия"
Ағылшын тілінде	JSC Intergas Central Asia

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"Интергаз Орталық Азия" АҚ
Орыс тілінде	АО "Интергаз Центральная Азия"
Ағылшын тілінде	JSC ICA

**2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

970740000392

**3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

***1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.***

- облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 14 850 000 (он төрт миллион сегіз жүз елу мың) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 14 850 000 000 (он төрт миллиард сегіз жүз елу миллион) Теңге

***Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі***

облигациялардың өтеу мерзімі бар

***2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)***

1 000 (бір мың) Теңге

***3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы***

Теңге

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



**4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері**

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі және оған қоса 1 (бір) пайыз мөлшерінде тіркелген маржа негізінде есептеледі, купондық мөлшерлеменің мөлшері облигация орналастырылған күнге айқындалатын болады. Облигация орналастырылған күні айқындалған купондық мөлшерлеменің мөлшері облигация айналысының бүкіл мерзіміне белгіленген шама болып табылады.

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

**Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.**

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы көзделмеген.

**Облигацияларды өзге де мүліктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.**

Облигацияларды өзге мүліктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу көзделмеген.

**5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары**

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір 3 (үш) ай өткен соң жылына төрт рет жүргізілетін болады. Сыйақы оны алуға құқығы бар және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің уақыты мен орналасқан жері бойынша сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді). Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналысының бүкіл кезеңі ішінде жүргізіледі және облигациялар өтелген күннің алдындағы күні аяқталады.

Сыйақы төлеу сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап (Эмитенттің бас кеңсесі орналасқан жерде) 10 (он) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен теңгемен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басында тіркеледі.

Төлем күніне сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақының тоқсандық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. (ставка мәні математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес дөңгелектелген үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен есептеледі).

Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Барлық төлемдерді (сыйақыны және борыштың негізгі сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүзеге асырады. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, облигациялар бойынша сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында



осындай облигацияларды ұстаушыда теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе еуро) айырбастауға Эмитент тиісті жазбаша өтінішті Қазақстан Республикасының резиденті емес облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау эмитентке қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі төлемді жүзеге асыру күні мен сәтіне белгілеген коммерциялық бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары және Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезидент облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушыларда банктік деректемелердің болуы міндетті болып табылады.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша база есебінен жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының резиденті - облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары және Еуро) айырбастауға жол берілмейді.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Тоқсан сайын

**6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)**

«Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларына сәйкес өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн облигациялар айналысының басталу күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) жарияланады. Облигациялардың айналыс мерзімі: айналыс басталған күннен бастап 3 (үш) жыл.

облигациялар мерзімі

**Жылдар: 3**

**Айлар:**

**Күндер:**

**7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)**

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың номиналды құны бойынша теңгемен өтеледі.

облигацияларды өтеу тәсілі

Соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есептеу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпаратты қамтитын облигация ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударылады.



Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен облигацияларды ұстаушылардың осы банк шоттарына аударуды жүзеге асырады. Орталық депозитарий облигациялар шығару шарттары бойынша белгіленген осындай облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтеуге арналған соманы есептеу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны есептеуді жүзеге асырады (мерзімінен бұрын өтеу) облигацияларды ұстаушылардың эмитент ұсынған тізіміне сәйкес, төлем туралы барлық қажетті ақпаратты қамтиды.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдер осындай облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары мен еуроға) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау эмитентке қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі төлемді жүзеге асыру күні мен сәтіне белгілеген коммерциялық бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушыларда банктік деректемелердің болуы міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының резиденті - облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастауға жол берілмейді.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



#### 4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

*Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.*

*Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.*

Облигациялар бойынша негізгі борышты толық не мерзімінен бұрын өтеу Эмитенттің олар бойынша сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, айналыстағы облигациялардың номиналды құны бойынша жүргізіледі. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны оларды мерзімінен бұрын ішінара өтеу күніне есептеу облигациялар айналысының соңғы сыйақы төленген сәттен бастап Эмитенттің облигацияларды ұстаушылармен есеп айырысу күніне дейінгі нақты кезеңіне негізделе отырып жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушыларға мерзімінен бұрын ішінара өтеу туралы хабарлау Эмитенттің ресми сайты арқылы, сондай-ақ облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара өтеу басталуының ресми жарияланған күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын «Қазақстан қор биржасы» АҚ атына ресми хат жолдау жолымен жүргізілетін болады. Облигацияларды ұстаушылардың өтінімдерін қанағаттандыру Эмитент мерзімінен бұрын ішінара өтеуге мәлімдеген көлемде жүзеге асырылатын болады. Негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу тоқсан сайынғы негізде және облигация айналысы аяқталған күнге дейін жүзеге асырылатын болады. Негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеуге арналған сома тоқсан сайынғы негізде номиналды құны бойынша 1 237 500 000 теңге соманы құрайды. Егер Эмитент облигацияларды ұстаушылардан тиісті жылға жоспарланған көлемде мерзімінен бұрын ішінара өтеуге Эмитент мәлімдегеннен аз сомаға мерзімінен бұрын ішінара өтеуге өтінімдерді қабылдаса, онда облигацияларды ұстаушылардың өтінімдерін қанағаттандыру облигация ұстаушылардан мерзімінен бұрын ішінара өтеуге мәлімделген көлемде жүзеге асырылады. Мерзімінен бұрын ішінара өтеу облигацияларды ұстаушылардан өтінімдер түсімінің кезектілігі қағидаты бойынша жүргізілетін болады. Негізгі борыштың соңғы сомасын өтеуді Эмитент «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ ашқан банк шотына ақша аудару жолымен жүзеге асыратын болады. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ облигациялар шығару шарттары бойынша белгіленген осы облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, Эмитент ұсынған төлем туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын облигацияларды ұстаушылардың тізіміне сәйкес облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) соманы есептеу үшін соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да ашылған шотқа есептеуді жүзеге асырады. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдер осындай облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары мен еуроға) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезидент облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау Эмитентке қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі төлемді жүзеге асыру күні мен сәтіне белгілеген коммерциялық бағам бойынша жүзеге асырылады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушыларда банктік деректемелердің болуы міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының резиденті - облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастауға жол берілмейді. Эмитенттің облигацияны сатып алу шарттары мен тәртібі айқындалатын Эмитенттің уәкілетті органының тиісті корпоративтік шешімі болған кезде Эмитенттің осы облигациялар шығарылымын толық және/немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеуге құқығы бар. Эмитент орналастырылған (сатып алынған облигацияларды шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі ережелеріне сәйкес ашады.

**5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері*
- 2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі*
- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі*
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)*
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі*

Жатпайды

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

- 1) оригиналордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері*
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригиналор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері*
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі*
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі*
- 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары*

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.





*6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)*

*7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі*

Жатпайды

**7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:**

*1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы*

Облигациялар қамтамасыз етілген болып табылмайды.

*2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы*

0%

*3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі*

Облигациялар қамтамасыз етілген болып табылмайды.

**8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)**

Жатпайды

**9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты**

*1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі*

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-да кредиттік қарызды, сондай-ақ Эмитенттің өзге де бағдарламаларын қайта қаржыландыруға бағытталатын болады.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен облигациялар шығару перспектісіне тиісті өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізетін болады.

*2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі*

Қолданылмайды.

*3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі*

Қолданылмайды.

*4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға*

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



*бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі*

Қолданылмайды.

**5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі**

Қолданылмайды.

**6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:**

*қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері*

Қолданылмайды.

*егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі*

Қолданылмайды.

**7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:**

*эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері*

Қолданылмайды.

**көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі**

Қолданылмайды.

*эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары*

Қолданылмайды.

*эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады*

Қолданылмайды.

**Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі**

Қолданылмайды.

## **10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар**

- 1) облигацияларды шығару шарттарында көзделген тәртіппен және мерзімде өтеу кезінде Облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- 2) облигациялар шығару шарттарында көзделген тәртіппен және мерзімде сыйақы алу;
- 3) облигацияларды еркін сату және басқаша басқару;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыруға, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;

6) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда, Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;

7) "Қазақстан қор биржасы" АҚ төмендегілерге байланысты Облигациялар делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда, облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы:

- Эмитент пен "Қазақстан қор биржасы" АҚ арасында жасалған листингтік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзу;

- Эмитент пен "Қазақстан қор биржасы" АҚ арасында жасалған листингтік шартта, және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ өзге де ішкі құжаттарымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзу.

Сонымен қатар, Эмитент мыналарға байланысты шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды:

- Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының 10% - дан (он пайызынан) астам Эмитент облигацияларын шығарумен байланысты емес қаржылық міндеттемелерді орындамау фактілеріне жол бермеу;

- Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеу;

- Ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгертпеу.

- Эмитентке тиісті жазбаша талап жіберу арқылы жинақталған сыйақыны ескере отырып номиналды құны бойынша Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;

- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461 - ІІ Заңының 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы үшін негіз болып табылатын жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ осы Жеке меморандумның 10-тармағының 7-тармақшасында көрсетілген негіздерде (бұдан әрі - "Оқиғалар"), Эмитент олардың пайда болу фактісі туралы Облигация ұстаушыларға Эмитенттің [www.ica.kz](http://www.ica.kz), корпоративтік интернет-ресурсында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ [www.kase.kz](http://www.kase.kz) интернет-ресурсында және Қаржылық есептілік депозитарийінің [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарлама орналастыру арқылы Оқиға туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төмендегілермен қоса хабарлауы тиіс, соның ішінде:

-Эмитенттің Облигацияларын сатып алуға әкелетін аталған Оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат;

-Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын тізіп жазу;

-Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Эмитенттің Облигацияларды сатып алуына негіздер туындаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

(і) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

(іі) қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау



әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде);

(iii) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналысқа түспесе).

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 15-бабының 2-тармағының бірінші бөлігіндегі 1), 3) және 4) тармақшаларда көзделген Облигацияларды ұстаушылардың шарттарды өзгертуге келісімі болған жағдайларды қоспағанда, жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың тиісті номиналды құнының бағасы бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент осы жеке меморандумның 10-тармағында көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың тиісті номиналды құнының бағасы бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Облигацияларды ұстаушы осы тармақта көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің басталу фактісі туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Облигацияларды сатып алу туралы алғашқы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің [www.intergas.kz](http://www.intergas.kz) корпоративтік веб-сайтында және / немесе Эмитенттің жарғысында айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ [www.kase.kz](http://www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында, Қаржылық есептілік депозитарийінің [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында жариялану арқылы Облигация ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Эмитент облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешімі жарияланғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Облигацияларды сатып алу төленуге жататын соманы Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады. Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

Сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу ақшамен жүргізілетін болады. Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген. Эмитенттің осы жеке меморандумның 10-тармағымен көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда, Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, номиналды құны бойынша Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылған облигацияларды сатып алудың шарттары мен тәртібі туралы шешім қабылдайды. Эмитент осы шешім туралы орналастырылған Облигацияларды сатып алудың тәртібі мен шарттары туралы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың атына жазбаша хабарлама жіберу арқылы Облигацияларды

ұстаушылардың назарына жеткізеді. Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған тәртіппен және шарттарда, бірақ тиісті шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүзеге



асырады.

**Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.**

Облигациялардың өтеу мерзімі бар.

**11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар**

Дефолт – бұл Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы. Осы жеке Меморандумда көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдерінде Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы - Эмитенттің облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – "Дефолт оқиғасы") болып табылады.

Егер төлемеу және (немесе) толық емес төлеу Эмитенттің Облигацияларды ұстаушының банк шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының, Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің Эмитентіне заңнамада және онымен жасасқан Шартпен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса, онда Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы жеке Меморандумда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары орын алатын уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады. Дефолт оқиғалары орын алған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттеменің орындалу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелген мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді. Өсімпұл төлеу ұлттық валютада жүзеге асырылатын болады. Эмитент дефолттан қолайлы шығуды айқындау мақсатында, Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындау мерзімдерін көрсете отырып, Облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент қабылдайтын шаралар, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқарушылық инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де шараларды қоса алғанда, Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталатын болады. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып қабылдайды. Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салуға міндеттенеді. Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, осы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Эмитенттің [www.intergas.kz](http://www.intergas.kz) корпоративтік веб-сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ресми интернет-ресурсында және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізеді. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;

орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;

Облигация ұстаушылардың Эмитентке қойылатын талаптармен өтініш беру тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигация ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерін тізіп жазу;


Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;

Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;

Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат. Облигацияларды ұстаушылар Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап беру арқылы жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитенттің Директорлар кеңесі жеке меморандумның осы тармағында белгіленген Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талап беру мерзімі өткеннен кейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде Эмитент белгіленген мерзім шегінде Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін алған кезде, орналастырылған Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитент, орналастырылған Облигацияларды сатып алу туралы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Эмитенттің [www.intergas.kz](http://www.intergas.kz) корпоративтік веб-сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ [www.kase.kz](http://www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында және Қаржылық есептілік депозитарийінің [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізеді. Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ол туралы және Облигацияларды сатып алу туралы Директорлар кеңесінің шешімі туралы ақпараттың Қаржылық есептілік депозитарийі ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) жарияланған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушының банктік шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырады. Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды ол туралы Директорлар кеңесінің шешімі туралы ақпараттың «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен кейінгі күннен бастап, күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушының банктік шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырады.



**Уәкілетті тұлға:**



**ТАСЫБАЕВ МАНАС  
МУХИТОВИЧ**  
(тегі, инициалдары)

Электрондық цифрлық қолтаңба:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

